

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 129 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 733 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2023 № 733 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 66-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай

болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 ақпандағы
№ 129 қаулысымен
бекітілген

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап

қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 66-бабына сәйкес әзірленді және кеден органдарын қоспағанда, әскери қызметшілердің, арнаулы атақтар немесе сыныптық шендер берілген не біліктілік сыныптары белгіленген құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Еңбек сіңірген жылдар, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есептеледі.

Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы (бұдан әрі – Қарулы Күштер) мерзімді және келісімшарттық әскери қызмет және бұрынғы КСРО-дағы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердегі және ТМД Біріккен Қарулы Күштеріндегі міндетті әскери қызмет, міндетті мерзімді әскери қызмет;

2) қорғанысқа жәрдемдесу қоғамының оқу-жаттығу ұйымдарында ұшқыштар құрамының запастағы офицерлеріне оқып-үйретілген әскери қызметке шақырылған адамдардың іс жүзіндегі ұшу даярлығында болған уақыты – 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап;

3) әскери-құрылыс жасақтарындағы (бөлімдеріндегі) әскери құрылысшылар ретіндегі қызмет;

4) әскери қызметші ерінің одан әрі әскери қызмет өткеруіне (оқуға түсуіне) байланысты шетелге кеткен әскери қызметші әйелдердің шетелде болған уақыты;

5) бұрынғы КСРО-ның және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік қауіпсіздік органдарындағы әскери қызметшілер лауазымдарындағы, ал 1955 жылғы 1 қазанға дейін – бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша жедел, жетекші және басшы құрамының лауазымдарындағы, ал басқа да лауазымдарда – әскери немесе арнайы атақ берілген күннен бастап; 1955 жылғы 1 қазаннан бастап – әскери қызметшілер лауазымдарындағы қызмет;

6) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет ;

7) прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, оның ішінде бұрынғы КСРО-ның және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің, бұрынғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милиция) органдарындағы (оның ішінде тағылымгерлер лауазымдарындағы) қызмет – лауазымға тағайындалған күнінен бастап;

7-1) құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында алғашқы кәсіптік даярлықтан өту мерзімі ол аяқталған және адамды құқық қорғау органында лауазымға тағайындаған жағдайда;

8) әскери қызметте немесе арнаулы мемлекеттік органдарда, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет және бұрынғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милиция) органдарында қызметте қалдырумен Қазақстан Республикасының Үкіметі жіберген жағдайларда өкілдік және атқарушы органдарда, ведомстволарда, мекемелерде және ұйымдарда жұмыс істеген уақыт;

9) Қарулы Күштерге, арнаулы мемлекеттік органдарға, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, сондай-ақ бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милиция) қызметке ауысқан жағдайларда сот органдарында судьялар лауазымдарында жұмыс істеген уақыт;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілеген тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы есептейтін қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілі;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметінің бастығы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығы өздері белгілеген тәртіппен есептейтін қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілі;

12) Қазақстан Республикасының "Сырбар" сыртқы барлау қызметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының "Сырбар" сыртқы барлау қызметі қызметкерлерінің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметінің директоры есептейтін қызметке қабылданғанға дейінгі еңбек қызметінің өтілі;

13) кеден органдарын қоспағанда, құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі мемлекеттік әкімшілік қызметшілер және азаматтық қызметшілер лауазымдарындағы арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың жұмыс істеген уақыты;

14) 1944 жылғы 1 қаңтардан бастап 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде әскери бөлімдер мен бөлімшелер құрамында Украина, Белоруссия, Латвия, Литва және Эстония аумағындағы ұлтшыл астыртын ұйымдарды жою жөніндегі жауынгерлік операцияларға қатысқан уақыт;

15) Ұлы Отан соғысы кезеңінде партизан жасақтары мен құрамаларындағы, халық жасақтары бөлімдері мен құрамаларындағы қызмет;

16) егер тұтқынға ерікті түрде түспесе және көрсетілген адамдар тұтқында болған кезде Отанына қарсы қылмыс жасамаса, әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің тұтқында, қоршауда және арнайы тексеруде болған уақыты;

17) негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылған, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған, мәжбүрлеп көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милиция)

қызметкерлерінің қамауда болған уақыты, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және жер аударуда болған уақыты;

18) жедел-іздігіру қызметін және (немесе) анықтауды жүзеге асырған, " Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысына сәйкес экономикалық тергеу қызметіне өткен қызметкерлердің кеден органдарындағы қызметі;

19) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың қызметі есептеледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2020 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.09.2020 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін қызметтен негізсіз шығарылған, ал кейіннен денсаулық жағдайы бойынша қызметке шектеулер болмағаннан кейін Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің, Қазақстан Республикасының "Сырбар" сыртқы барлау қызметі директорының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы төрағасының, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі бастығының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы төрағасының, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) (Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі, Салық полициясы (милициясы) комитеті) төрағасының, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдары лауазымды адамдарының, сондай-ақ Мемлекеттік тергеу комитеті төрағасының шешімі бойынша заңсыз шығарылған деп танылуына байланысты қызметіне қайта тағайындалған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милиция) қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдарын айқындау кезінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына олар жұмыс істемеген қызметтегі үзіліс уақыты есептеледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.02.2021 № 98 қаулысымен.

4. Әскери қызметшілердің (мерзімді қызмет әскери қызметшілерінен басқа), арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милициясы) қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына жеңілдікті шарттарда мыналар есепке жатқызылады:

1) әрекеттегі армия айыптылар бөлімдерінің тұрақты құрамында қызметтің бір айы алты ай болып;

2) мыналарда қызметтің бір айы үш ай болып есептеледі:

Жауынгерлік іс-қимылдар кезеңінде әрекеттегі армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде, партизан жасақтарында және халық жасағының құрамаларында;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде батыр қалаларда болған әрекеттегі армия құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарында: Одессада – 1941 жылғы 10 тамыздан бастап 16 қазанға дейін, Ленинградта – 1941 жылғы 8 қыркүйектен бастап 1944 жылғы 27 қаңтарға дейін, Севастопольде – 1941 жылғы 5 қарашадан бастап 1942 жылғы 4 шілдеге дейін, Сталинградта – 1942 жылғы 12 шілдеден бастап 19 қарашаға дейін;

әрекеттегі армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе науқастануы салдарынан емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1944 жылғы 1 қаңтардан бастап 1951 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Украина, Белоруссия, Латвия, Литва және Эстония аумағындағы ұлтшыл астыртын ұйымдарды жою жөніндегі жауынгерлік операцияларда, ал осы операцияларда жараланған, контузия алған немесе мертіккен кезде – емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1950 жылғы қарашадан бастап 1953 жылғы шілдеге дейінгі кезеңде жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан 64-жойғыш авиация корпусының құрамында;

әскери қызметшілер және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан басқа елдердің аумағында болған әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелер мен бөлімшелерде: Венгрияда – 1956 жылғы 24 қазаннан бастап 10 қарашаға дейін, Солтүстік Кореяда (оның ішінде Солтүстік Кореядағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан кеңес әскери бөлімдері мен бөлімшелерінің аумағына орналастырылған ҚХР-да) – 1950 жылғы маусымнан бастап 1953 жылғы шілдеге дейін, Алжирде – 1962 жылдан бастап 1964 жылға дейін, Біріккен Араб Республикасында (Египет) – 1962 жылғы 18 қазаннан бастап 1963 жылғы 31 наурызға дейін, 1967 жылғы маусымда, 1968 жылы, 1969 жылғы наурыздан бастап 1972 жылғы шілдеге дейін, 1973 жылғы 5 қазаннан бастап 1974 жылғы 31 наурызға дейін, 1974 жылғы маусымнан бастап 1975 жылғы ақпанға дейін, Йемен Араб Республикасында – 1962 жылғы 18 қазаннан бастап 1963 жылғы 31 желтоқсанға дейін, 1967 жылғы қарашадан бастап 1969 жылғы желтоқсанға дейін, Вьетнамда – 1961 жылғы қаңтардан бастап 1974 жылғы желтоқсанға дейін, Сирияда – 1967 жылғы маусымда, 1970 жылғы

наурыздан бастап шілдеге дейін, 1972 жылғы қыркүйектен бастап қарашаға дейін , 1973 жылғы қазанда, Мозамбикте – 1967 – 1969 жылдары, 1975 жылғы қарашадан бастап 1979 жылғы қарашаға дейін, 1984 жылғы наурыздан бастап 1988 жылғы тамызға дейін, Эфиопияда – 1977 жылғы 9 желтоқсаннан бастап 1990 жылғы 30 қарашаға дейін, Бангладеш Халық Республикасында – 1972 – 1973 жылдары, (ӘТФ корабльдері мен қосалқы кемелерінің жеке құрамы үшін) Камбоджада – 1970 жылғы сәуірден бастап желтоқсанға дейін, Қытайда – 1924 жылғы тамыздан бастап 1927 жылғы шілдеге дейін, 1937 жылғы шілдеден бастап 1944 жылғы қыркүйекке дейін, 1945 жылғы шілдеден бастап қыркүйекке дейін, 1946 жылғы наурыздан бастап 1949 жылғы сәуірге дейін, 1950 жылғы наурыздан бастап мамырға дейін (ӘШҚҚ әскерлер тобы үшін, Шанхай қаласының ауданы), 1950 жылғы маусымнан бастап 1953 жылғы шілдеге дейін, Лаоста – 1960 жылғы қаңтардан бастап 1963 жылғы желтоқсанға дейін, 1964 жылғы тамыздан бастап 1968 жылғы қарашаға дейін, 1969 жылғы қарашадан бастап 1970 жылғы желтоқсанға дейін, Ауғанстанда – 1978 жылғы сәуірден бастап 1989 жылғы 15 ақпанға дейін, Анголада – 1975 жылғы қарашадан бастап 1991 жылғы желтоқсанға дейін, Сирияда – 1982 жылғы маусымда, Ливанда – 1982 жылғы маусымда болған, ал жараланған, контузия алған немесе мертіккен әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне емдеу мекемелерінде емделуде үзіліссіз болған уақыт;

1993 жылғы 5 шілдеден бастап Тәжік-Ауған учаскесіндегі ТМД-ның сыртқы шекараларын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындағандарға;

Даман аралындағы жауынгерлік іс-қимылдар – 1969 жылғы наурыз;

Жаланашкөл көлі ауданындағы жауынгерлік іс-қимылдар – 1969 жылғы тамыз;

армиялары жауынгерлік іс-қимылдар жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдерде, осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап 1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде іссапарға жіберілген ұшқыштар құрамының әскери мамандарына, олардың жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқанына қарамастан;

1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандардағы қызметте;

1986 жылғы 26 сәуірден бастап 1987 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жоюға және тұрғындар көшірілген аймақтағы (1986 жылы тұрғындары эвакуацияланған аумақтағы) қоршаған ортаны ластауды болдырмауға байланысты жұмыстарда;

негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылған, негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған, мәжбүрлеп көшірілген және кейіннен ақталған әскери қызметшілердің , арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және қаржы полициясы (салық полициясы (милиция) қызметкерлерінің қамауда болған уақыты, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген және жер аударуда болған уақыты;

терроризмге қарсы операцияларға қатысқан кезеңдер.

4-тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жеңілдік шарттарында бұрынғы КСРО Қарулы Күштері Бас штабының тиісті тізбелеріне сәйкес мынадай кезеңдер шегінде әрекеттегі армия құрамына кірген әскери бөлімдердегі , штабтар мен мекемелердегі әскери қызметшілердің қызметі еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі:

фашистік Германиямен және оның одақтастарымен болған Ұлы Отан соғысында:

1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 (11) мамырға дейін;

империалистік Жапониямен – 1945 жылғы 9 тамыздан бастап 3 қыркүйекке дейін;

3) мыналарда қызметтің бір айы екі ай болып есептеледі:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде әрекеттегі армияның құрамына кірмеген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарында (осы тармақтың бесінші және жетінші абзацтарында көрсетілген жағдайлардан басқа);

егер тұтқынға ерікті түрде түспесе және көрсетілген адамдар тұтқында болғанда Отанына қарсы қылмыс жасамаса, әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу кезеңінде тұтқында болған уақыты;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Ішкі істер министрі, Республикалық ұланының қолбасшысы және Төтенше жағдайлар министрі айқындаған шарттарда реактивтік және турбовинттік авиациядағы ұшу жұмысында;

армиялары жауынгерлік іс-қимылдар жүргізген немесе басқа мемлекеттерге әскери көмек көрсеткен елдерде, осы елдерге 1961 жылғы 1 қаңтардан бастап

1982 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде маман ретінде іссапарға жіберілгендерге (ұшқыштар құрамынан басқа), олардың жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқанына қарамастан;

теңіз деңгейінен 2500 метр және одан да биік таулы жерлерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1976 жылғы 1 қаңтардан бастап; арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызмет, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 мамырдан бастап;

осы бөлімде көрсетілген мерзімдерді ескере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-тармағында аталған шалғай жерлерде;

сүңгуір қайықтарда – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шарттарда;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Төтенше жағдайлар министрі, Ішкі істер министрі айқындайтын шарттарда қысымы жоғары су астында немесе барокамераларда ұзақ уақыт болатын жағдайлардағы жұмысты орындайтын сүңгуірлер лауазымдарында – 1986 жылғы 1 қаңтардан бастап;

алапес және оба ауруына қарсы мекемелерде, адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды емдеу жөніндегі инфекциялық мекемелердегі қызмет;

4) мыналарда қызметтің бір айы бір жарым ай болып есептеледі:

мемлекеттік органдардың шешімдеріне сәйкес құрылған арнаулы әскери құралымдардағы қызмет;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Республикалық ұланының қолбасшысы, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, Ішкі істер министрі айқындайтын шарттарда авиациядағы ұшу жұмысында;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайтын мерзімдерде суүсті атом корабльдерінде;

сүңгуір қайықтарда олар сапта болған кезеңде;

жауынгерлік миналарды сүзіп алу уақытында мина сүзушілерге;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі айқындайтын шарттарда 1952 жылғы 22 қаңтардан бастап саптағы сүңгуір қайықтар құрамаларының және жауынгерлік миналарды сүзу уақытында мина сүзушілер құрамаларының басқармаларында;

барлық атаулар мен мамандықтардың сүңгуірлер лауазымдарында (осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген сүңгуірлерден басқа);

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Төтенше жағдайлар министрі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы және Республикалық ұланының қолбасшысы айқындайтын жылдық нормаларды орындау кезінде міндеттерін орындау жүйелі түрде парашютпен секірумен байланысты лауазымдарда;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі және Әділет министрі айқындайтын шарттарда бөлімшелердің, лауазымдардың тізбелері бойынша 1991 жылғы 1 қаңтардан бастап Ішкі әскерлердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелерінде;

осы бөлімде көрсетілген мерзімдерді ескере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тармағында аталған Қазақстан Республикасының және Орта Азияның климаттық жағдайы ауыр жерлерінде, сондай-ақ Ресей Федерациясының шалғай жерлерінде;

егер еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде осы жерлердегі қызметін есептеудің анағұрлым жеңілдікті шарттары белгіленбесе, шекара бөлімшелерінде (заставаларда), бекеттерде, шекара бөлімдерінде (комендатураларда), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде, маневрлік бөлімшелерде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету бойынша қызмет өткеретін корабльдерде және катерлерде, ал Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы бекітетін тізбе бойынша Шекара қызметінің басқа да бөлімшелерінде – 1976 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал көрсетілген күнге дейін – бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік шекарасында орналасқан заставаларда, комендатураларда және оларға теңестірілген шекара әскерлерінің бөлімшелерінде, саптағы және мемлекеттік шекараны күзетуді тікелей атқарған шекаралық теңіз корабльдері мен катерлерінде;

1968 жылғы 22 қарашадан бастап саптағы бұрынғы КСРО-ның дизельдік-электр сүңгуір қайықтары екінші экипаждарының құрамында;

Мурманск облысында болған уақытта Солтүстік теңіз жолымен корабльдер мен кемелердің орнын ауыстыру жөніндегі ерекше мақсаттағы экспедициялар құрамында экспедиция аяқталғаннан кейін белгіленген порттарға ауысу және тұрақты қызмет орнына қайтып оралғанда – 1971 жылғы 22 қазаннан бастап;

теңіз деңгейінен 1500 метр және одан да жоғары биік таулы жерлерде (2500 метр және одан да жоғары биік жерлердегі қызметтен басқа) мынадай мерзімдерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1973 жылғы 1 сәуірден бастап, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет,

кылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 мамырдан бастап;

теңіз деңгейінен 1000 метрден 1500 метрге дейін биік таулы жерлерде, ал ерекше жағдайларда одан төмен жерлерде – тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі, Салық полициясы комитеті (милиция), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі бекітетін әскери бөлімдердің, бөлімшелер мен мекемелердің тізбелері бойынша – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

1974 жылғы 8 шілдеден бастап бұрын Байкал – Амур теміржол магистралі мен БАМ – Тында – Беркакит теміржол желісіндегі құрылыспен және қызмет көрсетумен айналысқан (құрылыс кезеңінде) бұрынғы КСРО-ның теміржол және ішкі әскерлерінің әскери бөлімдерінде, ішкі істер органдарында;

1975 жылғы 10 мамырдан бастап бұрын Байкал – Амур теміржол магистралінің Шимановская станциясындағы құрылыс индустриясы кәсіпорындарының кешенін салумен айналысқан бұрынғы КСРО теміржол әскерлерінің әскери бөлімдерінде;

1975 жылғы 1 шілдеден бастап бұрын Байкал – Амур теміржол магистралінің және БАМ – Тында – Беркакит теміржол желісіндегі құрылысқа қызмет көрсетумен айналысқан бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік органдарында;

1976 жылғы 29 шілдеден бастап бұрынғы КСРО-ның Байланыс министрлігіне берілген және бұрын Байкал – Амур теміржол магистралі трассасы бойында радиорелелік байланыс желілерін салумен айналысқан әскери бөлімдер мен әскери-құрылыс жасақтарында;

1977 жылғы 4 шілдеден бастап бұрын Тюмень облысы Ханты-Мансийск автономдық округінің аумағындағы Сургут – Уренгой теміржол желісінің учаскесін салумен айналысқан бұрынғы КСРО теміржол әскерлерінің әскери бөлімдерінде;

1979 жылғы 23 тамыздан бастап бұрын Байкал – Амур теміржол магистралін салумен айналысқан бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдерінде, құрамаларында, кәсіпорындары мен ұйымдарында;

1980 жылғы 28 ақпаннан бастап бұрын Байкал – Амур теміржол магистралінің жасанды құрылыстарын күзетумен айналысқан бұрынғы КСРО ішкі әскерлерінің бөлімшелері мен әскери бөлімдерінде және бұрын көрсетілген магистральға іргелес аудандардың мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз еткен бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздік органдарында;

1980 жылғы 1 қаңтардан бастап жауынгерлік есептоптар құрамында қорғаныстық бекіністер құрылыстарында жауынгерлік кезекшілік атқаратын (атқарған) күшейтілген аудандарда әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне;

1988 жылғы 1 қаңтардан бастап 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жоюға және оқшауланған аймақтағы (1986 жылы тұрғындары эвакуацияланған аумақтағы) қоршаған ортаны ластауды болдырмауға байланысты жұмыстарда;

1963 жылғы 6 шілдеден бастап 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандардағы қызмет;

1988 жылғы 1 сәуірден бастап бұрын Ресей Федерациясының қара топырақты емес аймағында автомобиль жолдарын салумен және реконструкциялаумен айналысқан жол-құрылыс бөлімдерінде және оларды қамтамасыз ету бөлімдерінде;

тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Әділет министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайтын кезеңдерде жаппай қоғамға қарсы көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындаған Қарулы Күштердің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, ішкі істер, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының әскери бөлімдерінде, бөлімшелері мен мекемелерінде;

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қылмыстық-атқару жүйесі ведомстволарындағы, мекемелеріндегі, органдарындағы, кәсіпорындарындағы және білім беру ұйымдарындағы (жоғары оқу орындарын қоспағанда), 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларындағы және 2004 жылғы 30 шілдеден бастап қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары оқу орындарындағы қызмет, сондай-ақ 2012 жылғы 18 ақпаннан бастап қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын

адамдардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлері және Ұлттық ұланы әскери қызметшілерінің қызметі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі айқындайтын шарттарда бөлімшелердің, лауазымдардың тізбелері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының сотталғандарды және күзетпен ұсталатын адамдарды айдауылмен алып жүруді жүзеге асыратын әскери қызметшілерінің қызметі;

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеу изоляторларындағы қызмет;

ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындау уақыты;

Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында;

бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі бітімгершілік операцияларына қатысқан кезеңдер;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайтын шарттарда бөлімшелер мен лауазымдар тізбесі бойынша тікелей бекеттік қызметті өткеретін, сондай-ақ арнайы мақсаттағы бөлімшелерде қызмет өткеретін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жедел құрамына;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы айқындайтын шарттарда және мерзімдер бойынша бөлімшелер мен лауазымдар тізбесі бойынша – ұлттық қауіпсіздік органдарының барлаушы әйелдеріне;

1991 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Әділет министрлігі айқындайтын шарттарда лауазымдар тізбесі бойынша – ішкі істер органдарының, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің, қылмыстық-атқару жүйесі органдарының барлаушы әйелдеріне;

сыртқы барлау органы қызметкерлерінің шет мемлекеттердің арнаулы қызметтерінде және өзге де шетелдік ұйымдарда, қылмыстық топтарда тапсырмаларды орындау уақыты;

жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдардың штаттық жасырын қызметкерлеріне мемлекеттік органдарының бірінші басшылары айқындайтын шарттарда бөлімшелер, лауазымдар тізбелері бойынша;

5) 1965 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1990 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде лауазымдар тізбесі бойынша және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайтын шарттарда ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының барлаушы әйелдеріне қызметтің бір айы 1,25 ай болып есептеледі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 11.10.2018 № 632 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 13.12.2019 № 925; 29.04.2020 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.07.2020 № 478 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ; 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай қолданылған, терроризмге қарсы операция жүргізілген кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде ішкі істер және қылмыстық-атқару жүйесі органдарының қызметкерлерін қызметтік міндеттерді орындауға тарту уақыты жеңілдік шарттар бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарға бір күні үш күн болып есептеледі.

6. Міндетті мерзімді әскери қызмет және мерзімді әскери қызмет арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және әскери қызметшілері жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан басқа елдердің аумағында болған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және әскери бөлімдердің, штабтардың, мекемелер мен бөлімшелердің әскери қызметшілері, Чернобыль АЭС-індегі авария салдарын жою жөніндегі жұмыстарға қатысқан, сондай-ақ Семей ядролық сынақ полигонына іргелес аудандарда қызмет өткерген немесе негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартылған не қуғын-сүргінге ұшыраған арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және әскери қызметшілері үшін көзделген жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына есептелуге тиіс кезеңдерді қоспағанда, күнтізбелік есептеумен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

7. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге және сарбаздар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарына әскери қызметке ерікті түрде қабылданған әйелдерге осы Қағидалардың 4-тармағы 4) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында көрсетілген қызмет кезеңдері, бірақ 1976 жылғы 5 тамыздан ерте емес тиісті жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

8. Қызмет көрсететін әскери бөлімдердің жеке құрамымен қызмет өткерудің бірдей жағдайларында болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қарсы барлау және әскери полиция органдарының бөлімшелері әскери қызметшілерінің қызметі еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін осы әскери бөлімдердің әскери қызметшілеріне сияқты жеңілдік шарттарында және осындай тәртіппен еңбек сіңірген жылдарына есептеледі.

9. Жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін қызметтің сол бір кезеңінің екі және одан да көп негізі болған кезде еңбек сіңірген жылдары анағұрлым көп жеңілдік беретін бір негіз бойынша есептеледі.

10. Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдар қызметтен шығарылған сәтте қолданыста болған заңнамаға сәйкес есептеледі.

Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте және экономикалық тергеу қызметінде еңбек сіңірген жылдарын есептеу Қағидаларға сәйкес 2014 жылғы 18 қарашадан бастап жүргізіледі.

Еңбек сіңірген жылдарына зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде еңбек сіңірген жылдары Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін есептелген зейнетақы төлемдерін алушыларға еңбек сіңірген жылдары қайта қаралуға жатпайды.

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қызмет зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына есептелетін жерлердің тізбесі

1. Қызмет жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына қызметтің бір айы екі ай болып есептелетін жерлер:

Ресей Федерациясы:

Куриль аралдарында және Беринг теңізі аралдарында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап;

Охотский теңізі аралдарында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Моржовец аралында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Солтүстік Мұзды мұхит аралдарындағы әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1954 жылғы 30 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Архангельск облысында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Ненецк автономиялық округінің жерлерінде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Коми Республикасында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай орналасқан жерлерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тюмень облысында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Ямал-Ненецк автономиялық округінің жерлерінде, Салехард Халық депутаттары кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақпен Салехард қаласында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының,

мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Красноярск өлкесінде – Таймыр (Долган-Ненецк) автономиялық округінде, Поляр шеңберінен солтүстікке қарай Эвенк автономиялық округі мен Турухан ауданының жерлерінде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Якутия Республикасында – Поляр шеңберінен солтүстікке қарай орналасқан жерлерде: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Магадан облысында – Чукот автономиялық округіндегі және бұрын Камчатка облысы Красноярск автономиялық округінің құрамына кірген Солтүстік – Эвенк ауданының аумағында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап, Магадан облысының қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1953 жылғы 17 желтоқсанныан бастап;

Камчатка облысында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап;

Хабаров өлкесінде – Охот, Аян-Майск және Тугур-Чумикан аудандарында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап.

2. Қызмет жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына қызметтің бір айы бір жарым ай болып есептелетін жерлер:

1) Қазақстан Республикасы:

Ақмола облысында – Аршалы (бұрынғы Вишневка), Жарқайың (бұрынғы Державин), Есіл, Жақсы аудандарында, Сілеті ауылдық округінде және

Степногор қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал Қорғалжын және Целиноград аудандарында (Астана қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Ақтөбе облысында – Байғанин және Мұғалжар аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Алматы облысында – Жамбыл, Іле (Күрті ауылдық округін қоспағанда), Талғар, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ (Шелек ауылдық округін қоспағанда), Райымбек, Алакөл (Үйгентас ауылдық округін қоспағанда) аудандарында, Кербұлақ ауданының Сарыозек қала үлгісіндегі кентінде, Көксу, Сарқанд, Ескелді (Талдықорған қаласын қоспағанда), Панфилов аудандарында, Текелі қаласында және Ақсу ауылында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қапшағай, Қарасай (бұрынғы Қаскелең), Балқаш, Кербұлақ аудандарында, Іле ауданының Күрті ауылдық округінде, Еңбекшіқазақ ауданының Шелек ауылдық округінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Атырау облысында – Махамбет ауданында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, ал облыстың қалған аумағында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Шығыс Қазақстан облысында – Қатонқарағай және Күршім аудандарында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Аягөз, Жарма, Зайсан, Тарбағатай аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап, Абай, Бесқарағай, Жаңа Семей, Таскескен аудандарында, Үржар ауданының Мақаншы ауылдық округінде, Семей және Курчатов қалаларында – 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Жамбыл облысында – Қордай, Мойынқұм аудандарында және Жаңатас қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Талас, Байзақ және Шу аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Батыс Қазақстан облысында – Жаңақала және Бөкейорда аудандарында, сондай-ақ Теректі ауданының Тайпақ ауылдық округінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Қарағанды облысында – Абай ауданында, Шет ауданының Ағадыр ауылдық округінде, Ұлытау ауданының Жезді ауылдық округінде, Қаражал қаласында және Жәйрем кентінде – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Нұра, Шет, Ұлытау, Ақтоғай аудандарында (бұрынғы Жезқазған облысының Жаңаарқа, Қаражал, Жезқазған аудандарында), Балқаш, Сәтбаев, Жезқазған және Приозерск қалаларында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қарқаралы ауданында – 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Қостанай облысында – Арқалық қаласында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Қызылорда облысында – Шиелі ауданында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Байқоңыр қаласында және "Байқоңыр" ғарыш айлағына іргелес аудандарда, сондай-ақ облыстың қалған аумағында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Маңғыстау облысында – Қарақия ауданында, Жаңаөзен, Форт-Шевченко және Ақтау қалаларында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Бейнеу және Маңғыстау аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап, Мұнайлы ауданында (Өмірзақ ауылын, сондай-ақ бұрынғы Түпқараған ауданының жерлерін қоспағанда) – 2007 жылғы 1 шілдеден бастап;

Павлодар облысында – Май және Лебяжі аудандарында – 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Солтүстік Қазақстан облысында – Айыртау ауданында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Оңтүстік Қазақстан облысында – Созақ, Сарыағаш (Келес ауылдық округін қоспағанда) аудандарында және Түркістан қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, Сарыағаш қаласында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

2) Ресей Федерациясы

Мурманск облысында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, Мурманск қаласында – 1951 жылғы 30 сәуірден бастап; милицияның жеке құрамы үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Карелия Республикасында – Беломор, Калеваль, Кемск, Костомуш, Лоух, Медвежьегорск, Муеаерск, Сегеш, Суояр аудандарында және Костомуш қаласында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Архангельск облысында – Виноградовск, Лешуконск, Мегенск, Новодвинск, Пинежск, Онежск, Плесецк, Приморск, Соловецкий және Холмогор аудандарында, Архангельск, Новодвинск және Онега, Северодвинск қалалық Халық депутаттары кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақпен Северодвинск қалаларында, Поляр шеңберінен оңтүстікке қарай Ненецк автономиялық округінің жерлерінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап; Верхнетоемский және Ленский аудандарында – 1992 жылғы 1 шілдеден бастап;

Қалмық Республикасында – Октябрь ауданында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Коми Республикасында (осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген жерлерден басқа) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тюмень облысында – Ямал-Ненецк автономиялық округінде (осы тізбенің 1-бөлімінде көрсетілген жерлерден басқа): әскери қызметшілер, арнаулы

мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, Ханты-Мансийск автономиялық округінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Алтай өлкесіндегі – Таулы Алтай автономиялық облысының Онгудай, Улаганск, Усть-Канск, Усть-Коксинск және Шебалинск аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Томск облысында – Александровский, Бакчарский, Верхнекетский, Каргасокский, Колпашевский, Кривошеинский, Молчановский, Парабельский, Тегульдетский және Чайнский аудандарында, Колпашево және Стрежевой қалаларында, Томск ауданының Итатке кентінде – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Краснояр өлкесінде – Поляр шеңберінің оңтүстігіне қарай Эвенк автономиялық округі мен Турухан ауданының жерлерінде, Солтүстік Енисей ауданында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, Богучанский, Енисейский, Кежемский және Мотыгинский аудандарында, Лесосибирск қалалық Халық депутаттары кеңесінің әкімшілік бағынысындағы аумақпен Енисей және Лесосибирск қалаларында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Тува Республикасында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Иркутск облысында – Катанг ауданында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап, облыстың қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Якутия Республикасында (осы тізбенің 1-тармағында көрсетілген жерлерден басқа): әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1969 жылғы 7 тамыздан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік

өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1970 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Бурятия Республикасында, Чита және Амур облыстарында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Приморск өлкесінде – Самарги өзенінен солтүстікке қарай Тернейск ауданының аумағында – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, өлкенің қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Хабаровск өлкесінде – Ванинск, Николаевск, Совет-Гаван және Ульчск аудандарында, Амурдағы Николаевск және Советская Гавань қалаларында – 1949 жылғы 25 маусымнан бастап, өлкенің қалған аумағында: әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері үшін – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Сахалин облысында – Сахалин аралында – 1945 жылғы 14 қыркүйектен бастап, Монерон аралында – 1980 жылғы 1 қарашадан бастап;

3) Қырғыз Республикасы:

Ыстықкөл облысының Ақсу, Атбашы және Жетіөгіз аудандарында, Ош облысының Алай және Кеңес аудандарында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап; ал Ош облысының Тоғыз тарау ауданында, Шу облысының Мәскеу және Панфилов аудандарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

4) Тәжікстан Республикасы:

Таулы Бадахшан облысында, Куляб облысының Дангарин, Ленинград, Мәскеу және Пархар аудандарында, Қорғантөбе облысының Жилікөл, Кабоден, Құманғыр, Пяньан және Шаартуз аудандарында, Яван ауданының Яван кентінде; Ленинабад облысы Чкалов қалалық Халық депутаттары кеңесінің Табошар кентінде, Нүрек қалалық Халық депутаттары кеңесінің Пастакон кентінде – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, республиканың қалған аумағында (Душанбе қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

5) Түрікменстан Республикасы:

Мары облысында, Чарджоу облысының Меркен және Шаршанғын аудандарында, Керч қаласында және Чарджоу қалалық Халық депутаттары кеңесінің Нефтезаводск кентінде, Ашғабат облысының Ашғабат, Бахарден, Геок-Тепе, Гаур, Каах, Серах және Теджен аудандарында, Тедмен қаласында, Красноводск облысында, Байрам-Әли, Векиль-Базар, Ислотан, Қарақұм, Кушка, Мари, Мұрғаб, Тахта-Базар аудандарында, Байрам-Әли және Мары облысының Мары қалаларында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, республиканың қалған аумағында (Ашғабат қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

6) Өзбекстан Республикасы:

Бұхар облысы Қаған ауданының Қарауылбазар қаласында, Қашқандария облысындағы Мүбәрак қаласында, Самарқанд облысының Қаттақорған және Советабад аудандарында, Зарафшан және Үшқұдық қалаларында, Бұхар облысының Зарафшан қалалық Халық депутаттары кеңесінің кенттерінде және Үшқұдық қалалық Халық депутаттары кеңесінің Көкпетас кентінде, Ангор, Гагарин, Жарқорған, Термез және Шерабад аудандарында, Сурхандария облысының Термез қаласында – 1985 жылғы 1 қаңтардан бастап, республиканың қалған аумағында (Ташкент қаласын қоспағанда) – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап;

7) Қазақстан Республикасының, Түрікменстан Республикасының және Әзербайжан Республикасының әкімшілік бағынысындағы Арал теңізінің, сондай-ақ Каспий теңізінің аралдарында – 1988 жылғы 1 қаңтардан бастап.

Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР
Үкіметінің 14.06.2022 № 395 (01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

**Сүңгуір қайықтарда қызмет өткерген кезде еңбек сіңірген жылдарын жеңілдік
шарттарында есептеу шарттары**

Әскери қызметшілердің және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары болып есептелсін:

1) атом сүңгуір қайықтарында, қосалқы атом энергетикалық қондырғылармен жабдықталған дизельді сүңгуір қайықтарында және арнайы энергетикалық қондырғылары бар сүңгуір қайықтарында (оның ішінде жасалып жатқан атом сүңгуір крейсерлері және атом сүңгуір қайықтары екінші экипаждарының құрамында).

Бұл ретте атом крейсерлердегі, қосалқы атом энергетикалық қондырғылармен жабдықталған атом сүңгуір қайықтарындағы қызмет жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына экипаж оқу-жаттығу орталығында оқығаннан бастап, ал оқытуға жатпайтын әскери қызметшілерге және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне – сүңгуір крейсерінің (қайығы) реакторы жұмыс істегеннен бастап есептеледі. Тұйық цикл бойынша жұмыс істейтін булы-газды турбиналық қондырғылары мен дизельдері бар сүңгуір қайықтарындағы қызмет жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына олар қатарға қосылған кезеңде, ал көрсетілген энергетикалық қондырғылары бар жасалып жатқан қайықтарда – зауыттық сынау басталғаннан бастап есептеледі. Осындай тәртіппен жеңілдік шарттарында 1977 жылғы 24 наурыздан бастап атом сүңгуір крейсерлеріне (екінші экипаждарды және жасалынып жатқан крейсерлер экипаждарын қоса алғанда) қызмет көрсететін Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ерекше бөлімдері офицерлерінің қызметі есептеледі;

2) ауыр атом сүңгуір крейсерлерінің техникалық экипаждары құрамындағы, крейсерлік атом және үлкен атом сүңгуір қайықтарындағы және терең су қабатындағы атом станцияларындағы (жасалып жатқанды қоса алғанда) көрсетілген корабльдер мен станцияларда нақты қызмет өткерген уақыты үшін – 1981 жылғы 13 қарашадан бастап.

Бұл ретте жасалып жатқан ауыр атом сүңгуір крейсерлеріне, крейсерлік атом және үлкен атом сүңгуір қайықтарына және терең су қабатындағы атом станцияларына қызмет көрсететін техникалық экипаждар құрамындағы қызмет

корабль (станция) реакторы жұмыс істеген күннен бастап жеңілдік шарттарында еңбек сіңірген жылдарына есептеледі, ал 705 жобадағы атом сүңгуір қайықтарының техникалық экипаждары құрамында – 1970 жылғы 14 қыркүйектен бастап есептеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 ақпандағы
№ 129 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. 2014 жылғы 1 шілдеден бастап күшін жоятын Қағиданың 10, 11, 12, 13-тармақтарын қоспағанда, "Әскери қызметшілерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдарын есептеу, біржолғы жәрдемақылар тағайындау және оны төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 жылғы, № 29, 255-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 желтоқсандағы № 1755 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 жылғы, № 49-50, 590-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 маусымдағы № 632 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 17, 184-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі № 789 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 22, 241-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2004 жылғы 5 наурыздағы № 277 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 11, 148-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 662 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2005 ж., № 27, 341-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 12 қыркүйектегі № 850 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 38, 413-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 1068 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі саласындағы кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 43, 492-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 1 желтоқсандағы № 1121 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2008 ж., № 45, 513-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 26 тамыздағы № 803 және 2007 жылғы 23 ақпандағы № 138 қаулыларына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 шілдедегі № 748 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 45, 405-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 648 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 41, 534-құжат).